

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е КазСТА 3/08-23	
			Күні	
			Басылым 03	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы		бет	бетінен
			1	8

БЕКІТЕМІН

«Қазақ спорт және туризм академиясы» КеАҚ Президенті,
профессор
К.К. Закирьянов

« 17 » 2025 ж.

Ереже

«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ» КеАҚ-ның
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

Әзірленді		Келісілді		Бекітілген
Д. Р. Пя		Д. К. Нурмуханбетова		ҚазСТА ҒК шешімімен Хаттама № <u>3</u> <u>31.10.2025</u> ж.
А.К. Калабаева				
күні	қолы	күні	қолы	Қолданысқа енгізілді
				Бұйрық № <u>3111-11. 2025</u> жыл

Алматы-202_ ж.

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е КазСТА 3/08-23	
		Күні	
		Басылым 03	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы	бет 2	бетінен 8

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Белгілер мен қысқартулар	4
4	Процедураның сипаттамасы	5
	4.1. Функциялар	6
	4.2. Құқық	7
5	Жауапкершілік және өкілеттіктер	7
6	Өзгерістер	8
7	Сақтау және тарату	8
8	Қосымша 1	9
9	Қосымша 2	10
10	Танысу парағы	11

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е КазСТА 3/08-23	
		Күні	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы	Басылым 03	
		бет	бетінен
		3	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Оқу-Әдістемелік Кеңес туралы ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ЗРК Заңына, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына (ҚР БҒМ 2007 жылғы 29 қарашадағы N 583 бұйрығы) және "Қазақ спорт және туризм академиясы" КеАҚ жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2 Оқу-әдістемелік кеңес - жоғары оқу орнының оқу-әдістемелік жұмысын алқалы басқару нысаны.

1.3 Оқу-әдістемелік жұмыс ғылым мен білім беруді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

1.4 Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы болып табылады. Төраға жалпы басшылықты жүзеге асырады және оқу-әдістемелік кеңестің қызметін жібереді, оның отырыстарын өткізеді, оқу-әдістемелік кеңестің күн тәртібіне қарау үшін оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі неғұрлым өзекті мәселелерді айқындайды, оқу-әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуын тексеруді ұйымдастырады.

1.5 оқу-әдістемелік кеңестің құрамына: ОӘК төрағасы (оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор), оқу басқармасының басшысы, тіркеуші кеңсесінің басшысы, факультеттердің оқу-әдістемелік бюроларының төрағалары, декандар, кафедра меңгерушілері, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі декандардың орынбасарлары, кітапхана директоры және жеткілікті жұмыс тәжірибесі мен біліктілік деңгейі бар кафедра оқытушылары, жұмыс берушілердің өкілдері және білім алушылар кіреді.

1.6 Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

1.7 Оқу-әдістемелік кеңес өз қызметінің түрлі бағыттары бойынша тұрақты жұмыс істейтін және өзге де комиссияларды қалыптастыруға құқылы.

1.8 Оқу-әдістемелік кеңестің жұмысын ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету Оқу-әдістемелік кеңестің хатшысына жүктеледі.

1.9 Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің шешімдері қатысып отырған кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен қабылданады.

1.10 оқу-әдістемелік кеңес құжаттаманы Қазақ спорт және туризм академиясындағы істер номенклатурасына сәйкес жүргізеді.

1.11 Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің отырысы хаттамамен ресімделеді. Оқу-әдістемелік кеңестің хаттамалары мен шешімдеріне төраға мен хатшы қол қояды. Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің хаттамалары мен шешімдері тұрақты сақталатын құжаттар болып табылады және хатшы акт бойынша ауысқан кезде беріледі.

1.12 ОӘК төрағасы жылына 1 рет Академияның Ғылыми кеңесі алдында ОӘК қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарды пайдалану негізінде әзірленді:

ҚР Заңы № 319-III
27 шілде 2007 ж.

Білім туралы

ҚР ҒЖБМ бұйрығы ҚР Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е КазСТА 3/08-23	
		Күні	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы	Басылым 03	
		бет	бетінен
		4	8

ҒЖБМ бұйрығы № 2 20 шілде 2022 ж.	мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
ҚР БҒМ бұйрығы № 595 30 қазан 2018 ж.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
ҚР БҒМ бұйрығы № 106 12 қазан 2022 ж.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан шығару негіздерін бекіту туралы
ҚР ҒЖБМ бірлескен бұйрығы №166 01.12.2022 жыл және ҚР ҰЭМ № 116 02.12.2022 жыл	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы
ҚР БҒМ бұйрығы № 391 17 маусым 2015 ж.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы
ҚР БҒМ бұйрығы N 583 от 29 ноября 2007 г.	Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы
ҚР БҒМ бұйрығы № 152 от 20 апреля 2011 г.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы
ҚазСТА АС 1/01-23	Қазақ спорт және туризм академиясының академиялық саясаты
РӘСҚазСТА 2/10-23	Оқу-әдістемелік жұмыс

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай қысқартулар пайдаланылды:

ОӘЖ	оқу-әдістемелік жұмыс
Академия ОӘК	Академияның оқу-әдістемелік кеңесі
Факультет ОӘБ	факультеттің оқу-әдістемелік бюросы
Кафедраның ӘТ	кафедраның әдістемелік тобы
ОӘБ	оқу-әдістемелік бөлім
ТК	тіркеуші кеңесі
ББ	білім беру бағдарламасы
ББТ	білім беру бағдарламалары тобы
АК	академиялық комитет
МОЖ	модульдік оқу жоспары
ЖОЖ	жұмыс оқу жоспары
ЭПК	элективті пәндер каталогы
ЖООПК	ЖОО пәндерінің каталогы
ОӘМ	оқу-әдістемелік материалдар
Minor	

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е КазСТА 3/08-23	
		Күні	
		Басылым 03	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы	бет 5	бетінен 8

4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Оқу-әдістемелік жұмыс оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады. ОӘК қызметінің құрамы мен мазмұны, отырыстардың тізбесі мен күн тәртібі оқу жылына жоспарланады, ОӘК отырысында бекітіледі және академия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің алдына жаңа міндеттер, оның ішінде АК-мен (даярлау бағыттары бойынша академиялық комитеттермен) бірлесіп кеңейтілген талқылауды талап ететін ББ (білім беру бағдарламалары) бойынша мәселелер қойылуына қарай түзетілуі мүмкін. ОӘК отырысы кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

Оқу-әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- академиядағы оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- білім беру процесінің жаңа технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және қолданыстағы технологияларды жетілдіру;
- педагогтің шығармашылық ойлауын дамыту, педагог қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру;
- оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, оқу құралдары мен басқа да материалдарды жариялауды жоспарлау, сараптаманы ұйымдастыру және ұсыну;
- оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіруді ұйымдастыру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;
- білім беруді дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру;
- әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары бойынша комиссиялар құру.

Оқу-әдістемелік жұмысқа басшылық жасау жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерге жүктеледі.

4.1. Функциялар

ОӘК (оқу-әдістемелік кеңес) - оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету тиімділігінің сапасын арттыру мақсатында құрылған академияның оқу-әдістемелік жұмысын басқарудың алқалы органы. ОӘК отырыстары бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

ОӘК отырыстарында: ББ, ОӘБ, ЖОЖ, ТПК, ЖООПК және Minor жобаларын дайындаудың барлық бағыттары мен деңгейлері бойынша әзірленген АК-ны қарау жүргізіледі. ББ, ОӘБ, ЖОЖ, ТПК, ЖООПК, Minor, пәндердің жұмыс бағдарламаларына (силлабустар) және т.б. ОӘМ сараптамасы және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар дайындау ұйымдастырылады.

ҚазСТА оқу-әдістемелік кеңесі жұмысының негізгі бағыттары:

- 1) озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату және білім беруді ақпараттандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
- 2) оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың білім алушылардың ағымдағы үлгеріміне әсерін талдау;
- 3) білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;
- 4) бейінін, дайындық деңгейі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылар контингентін жыл сайын қалыптастыру жөніндегі жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е КазСТА 3/08-23	
		Күні	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы	Басылым 03	
		бет	бетінен
		6	8

5) білім беру процесінің оқу әдебиеттерімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз етілуіне мониторингті жүзеге асыру;

6) өңірлер бойынша және тұтастай алғанда ел бойынша демографиялық, экономикалық және салалық жағдайды ескере отырып, білім беру процесін перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру;

7) оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік технология бойынша, қашықтықтан оқыту және онлайн-оқыту нысанында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу және енгізу;

8) даярлаудың қазіргі және перспективалық бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжау үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;

9) оқытудың дидактикалық-әдістемелік, оқу-материалдық құралдарын әзірлеу және енгізу;

10) ұқсас Білім беру бағдарламалары бойынша оқу бағдарламаларын біріздендіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

11) Нормативтік құқықтық құжаттарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттарының сыныптауышын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

12) оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді автоматтандырылған оқыту жүйелерін, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді енгізу;

13) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарларына, жұмыс оқу бағдарламаларына және басқа да оқу материалдарына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

14) оқулықтарды, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;

15) оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттаманы әзірлеуді ұйымдастыру және енгізу;

16) оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

17) оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар, вебинарлар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

18) оқулықтарға, оқу, оқу-әдістемелік құралдарға, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерге және т. б. сараптама жүргізуді ұйымдастыру.

19) жекелеген пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын талқылау және мақұлдау;

20) ПОҚ әзірлеген оқу-әдістемелік әдебиеттерді талқылау және басып шығаруға ұсыныс.

21) тест тапсырмаларын және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандарын әзірлеу және сараптау мәселелері;

30) білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері;

22) факультеттердің ОӘБ-нің ұйымдастыру-әдістемелік басшылығын келісу және факультеттердің әдістемелік бюролары қызметінің жылдық жоспарларын бекіту;

23) оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың сапасына талдау жүргізу;

24) оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру;

25) ББ, ТПК, ЖООПК, ОӘБ, Minor және т.б. ОӘМ паспорттарын қарау және бекіту;

26) оқу орнын бітіргеннен кейін түлектерді жұмысқа және оқуға орналастыру бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу (мамандарға сұранысты зерделеу, түлектерге сауалнама

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM	Е КазСТА 3/08-23	
		Күні	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы	Басылым 03	
		бет 7	бетінен 8

жүргізу, кәсіпорындармен байланыс орнату, түлектерді бөлу картасын жасау, түлектер жәрмеңкесін ұйымдастыру).

27) оқытудың барлық деңгейлерінде мемлекеттік қазақ, орыс және шет тілдерін оқыту бойынша ұсынымдар әзірлеу.

4.2. Құқық

Қазақ спорт және туризм академиясының оқу-әдістемелік кеңесі, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Оқу-әдістемелік кеңестің төрағасы мен мүшелерінің құқығы бар: академияның кез келген бөлімшелерінен оқу-әдістемелік кеңестің жұмысы үшін қажетті ақпаратты уақтылы ұсынуды талап ету; оқу-әдістемелік кеңестің функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратқа қол жеткізу.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

5.1 оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі Проректор оқу-әдістемелік кеңес жұмысының жүйесіз және тиімсіз болуына жауапты болады.

5.2. Оқу-әдістемелік кеңестің мүшелері жауапты болады:

- оқу-әдістемелік Кеңестің отырыстарына келмеуі және оқу-әдістемелік кеңес жұмысының тиімсіздігіне;

- оқу-әдістемелік сипаттағы ББ, ТПК, ЖООПК, ОӘЖ, ЖОЖ жобаларын, әдістемелік жұмыс бойынша жоспарларды, есептерді және басқа да құжаттамаларды уақтылы ұсынбаған жағдайда.

6. ӨЗГЕРІСТЕР

6.1. Бұл ережені жою Академия Президентінің бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

6.2. Бұл ереже жойылғанға дейін немесе жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады. Ережеге өзгерістер ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарының жаңартуларына және ұйым атауының өзгерістеріне сәйкес енгізілуі тиіс.

7. САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1. Осы Ереженің ескерілген жұмыс даналары мынадай мекенжайлар бойынша жіберіледі: барлық проректорларға, бөлім басшыларына, факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне.

7.2. Ережені құрылымдық бөлімшелерге сақтау, көбейту және тарату үшін жауапкершілік оқу басқармасына жүктеледі.

8. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы

	ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM		Е КазСТА 3/08-23	
			Күні	
	Ереже Оқу-әдістемелік Кеңес туралы		Басылым 03	
			бет	бетінен
			8	8

Қосымша 1

Бекітемін
 КеАК Қазақ спорт және туризм
 академиясының Ректоры, PhD доктор

Закирьянов Б.Қ.
 « ____ » _____ 20__ ж.

Оқу-әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары

(Академиялық комитеттермен бірлесіп келісім бойынша

оқу бағыттары мен деңгейлері негізінде) 20 __ - 20 __ оқу жылына

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімдер	Жауаптылар	Орындалғаны туралы мәлімет
1	2	3	4	5

Қосымша 2

КеАК» Қазақ спорт және туризм
 Академиясының» оқу-әдістемелік жұмыс
 жөніндегі проректоры, п.ғ.к, доцент
 Д.К. Нұрмұханбетоваға

(кімнен) _____
 (автордың аты-жөні, қызметі)

Өтініш

Сізден Қазақ спорт және туризм академиясы КеАК оқу-әдістемелік кеңесінің кезекті отырысында менің оқу құралымды /әдістемелік құралды, жинақты, практикумды, әдістемелік ұсынымдарды/ нұсқауларды және т.б./ "....." ББТ немесе....." ББ үшін қарауды және Академияның Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынуыңызды сұраймын.

«__» _____ 20__ ж.

 /қолы/